

А.С. Садық^{1*}, Ө. Әбдиманұлы², М.Н. Азман³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

³Сұлтан Ыдырыс педагогикалық университеті, Малайзия, Куала-Лумпур
e-mail: ¹serikqyzy_resmi@mail.ru, ²abdimanuly@rambler.ru, ³mnazhari@ftv.upsi.edu.my
ORCID: ¹0009-0000-3739-2536, ²0000-0001-9134-5132, ³0000-0003-1756-1990

ҚАЗАҚ ӘН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛИЗМ

Аңдатпа. Қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасы саналатын дәстүрлі ән өнері – ұлттық болмыс пен эстетикалық талғамын танытатын бірегей құбылыс. XX ғасырда ғылыми айналымға еніп, хатқа түскен фольклорлық мұралар халықтың поэтикалық қуатын сақтап қалған маңызды дереккөзге жатады. Осыған орай, ұсынылып отырған зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – XX ғасырдағы қазақ халық ән өлеңдеріндегі табиғат образдарының қолданылу ерекшеліктерін айқындау және табиғат пен адам жанының үндестігін білдіретін психологиялық параллелизм құбылысының поэтикалық қызметін ашуға бағытталған. Зерттеудің негізгі идеясы ән мәтініндегі табиғат суреттерінің жай ғана пейзаж емес, лирикалық кейіпкердің ішкі сезімін бейнелеуші символдық код екенін дәлелдеумен сабақтасады. Зерттеу материалы ретінде «Бабалар сөзі» жұзтомдығының халық ән-өлеңдеріне арналған томдары алынып, мәтіндердегі табиғат образдарының таралу жиілігі статистикалық тұрғыдан есептелді. Жұмыстың ғылыми маңызы фольклорлық туындылардағы «адам – табиғат» тұтастығын жаңа әдеби-теориялық қырынан қарастыруында жатса, практикалық тұрғыдан нәтижелерді жоғары оқу орындарындағы фольклортану, әдебиеттану пәндерін оқытуда және хрестоматиялық жинақтар құрастыруда пайдалануға болады. Зерттеу барысында сипаттамалы талдау, мәтіндік-герменевтикалық талдау, статистикалық, салыстырмалы-типологиялық және этнопоэтикалық зерделеу әдістері қолданылды. Жұмыс нәтижесінде халық әндеріндегі табиғат образдары жүйеленіп, олардың символдық мәні ашылды және психологиялық параллелизмнің тура, теріс, көп мүшелі және бір мүшелі түрлерінің көркемдік қызметі нақты мысалдармен дәйектелді. Қорытындылай келе, табиғат образдары этностың экологиялық мәдениеті мен философиялық дүниетанымының көрінісі екені анықталды. Бұл зерттеу қазақ фольклортану ғылымына халық әндерінің поэтикалық тілін, көркемдік-бейнелеу құралдарын жүйелеу тұрғысынан үлес қоса отырып, ұлттық кодты айқындауға және дәстүрлі ән мәтіндерінің семантикасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақ халық әндері, психологиялық параллелизм, табиғат образдары, поэтика, фольклорлық символдар.

A.S. Sadyk^{1*}, O.Abdimanuly², M.N. Azman³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Sultan Idris Education University, Kuala Lumpur, Malaysia
e-mail: ¹serikqyzy_resmi@mail.ru, ²abdimanuly@rambler.ru, ³mnazhari@ftv.upsi.edu.my
ORCID: ¹0009-0000-3739-2536, ²0000-0001-9134-5132, ³0000-0003-1756-1990

PSYCHOLOGICAL PARALLELISM IN KAZAKH FOLK SONGS

Abstract. Traditional song art, considered a noble treasure of the spiritual culture of the Kazakh people, is a unique phenomenon that reflects national identity and aesthetic taste. The folklore heritage that entered scientific circulation and was recorded in writing in the 20th century is an important source that preserved the

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

А.С. Садық, Ө. Әбдиманұлы, М.Н. Азман. Қазақ ән өлеңдеріндегі психологиялық параллелизм // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 34-50. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-02>.

poetic potential of the nation. In this regard, the main objective of the proposed research article is to identify the features of using nature images in Kazakh folk songs of the 20th century and to reveal the poetic function of the psychological parallelism phenomenon, which expresses the harmony between nature and the human soul. The core idea of the study is linked to proving that nature depictions in song texts are not merely landscapes, but a symbolic code reflecting the inner feelings of the lyrical character. The volumes of the 100-volume collection "Babalar Sozi" (Words of Ancestors) dedicated to folk songs were taken as the research material, and the frequency distribution of nature images in the texts was statistically calculated. The scientific significance of the work lies in examining the "man – nature" integrity in folklore works from a new literary-theoretical perspective, while from a practical standpoint, the results can be used in teaching folkloristics and literary studies in higher education institutions and in compiling chrestomathy collections. In the course of the study, descriptive, textual-hermeneutic, statistical, comparative-typological, and ethno poetic analysis methods were applied. As a result of the work, nature images in folk songs were systematized, their symbolic meaning was revealed, and the artistic function of direct, negative, multinomial, and monomial types of psychological parallelism was substantiated with concrete examples. In conclusion, it was determined that nature images are a manifestation of the ecological culture and philosophical worldview of the ethnic group. This research, contributing to Kazakh folkloristics in terms of systematizing the poetic language and artistic-figurative means of folk songs, allows for identifying the national code and deeper understanding of the semantics of traditional song texts.

Keywords: Kazakh folk songs, psychological parallelism, nature imagery, poetics, folklore symbols.

А.С. Садык^{1*}, О. Абдиманулы², М.Н. Азман³

^{1,2}Казакхский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Педагогический университет Султана Идриса, Малайзия, Куала-Лумпур

e-mail: ¹ serikqzy_resmi@mail.ru, ² abdimanuly@rambler.ru, ³ mnazhari@ftv.upsi.edu.my

ORCID: ¹0009-0000-3739-2536, ²0000-0001-9134-5132, ³0000-0003-1756-1990

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПАРАЛЛЕЛИЗМ В КАЗАХСКОЙ ПЕСЕННОЙ ЛИРИКЕ

Аннотация. Традиционное песенное искусство, считающееся благородным сокровищем духовной культуры казахского народа, представляет собой уникальный феномен, отражающий национальное бытие и эстетический вкус. Фольклорное наследие, вошедшее в научный оборот и зафиксированное на письме в XX веке, является важным источником, сохранившим поэтический потенциал народа. В связи с этим основной целью предлагаемой исследовательской статьи – выявить особенности использования образов природы в казахских народных песнях XX века и раскрыть поэтическую функцию явления психологического параллелизма, выражающего гармонию природы и человеческой души. Основная идея исследования связана с доказательством того, что картины природы в текстах песен являются не просто пейзажем, а символическим кодом, отражающим внутренние чувства лирического героя. В качестве материала исследования были взяты тома стотомника «Бабалар сөзі» (Слово предков), посвященные народным песням, и статистически рассчитана частота распределения образов природы в текстах. Научная значимость работы заключается в рассмотрении целостности «человек – природа» в фольклорных произведениях с новой литературно-теоретической перспективы, а с практической точки зрения результаты могут быть использованы при преподавании фольклористики и литературоведения в высших учебных заведениях, а также при составлении хрестоматийных сборников. В ходе исследования применялись методы описательного, текстолого-герменевтического, статистического, сравнительно-типологического и этнопоэтического анализа. В результате работы были систематизированы образы природы в народных песнях, раскрыто их символическое значение, а также на конкретных примерах обоснована художественная функция прямого, отрицательного, многочленного и одночленного видов психологического параллелизма. В заключении установлено, что образы природы являются проявлением экологической культуры и философского мировоззрения этноса. Данное исследование, внося вклад в казахскую фольклористику с точки зрения систематизации поэтического языка и художественно-изобразительных средств народных песен, позволяет определить национальный код и глубже понять семантику традиционных песенных текстов.

Ключевые слова: казахские народные песни, психологический параллелизм, образы природы, поэтика, фольклорные символы.

1. Кіріспе

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы мен рухани дүниетанымының айнасы іспетті ән өнері – ұлттық мәдениеттің ең өміршең салаларының бірі. XX ғасыр қазақ музыкалық фольклорының ауызша дәстүрден жазбаша үлгіге көшіп, нотаға түсірілуімен және ғылыми айналымға енуімен ерекшеленетін тағдыршешті кезең болды. Осы уақыт аралығында жинақталған мол мұра халықтың эстетикалық талғамын, өмір сүру салты мен философиялық көзқарасын айқын танытады. Ән – синкретті жанр болғандықтан, оның музыкалық әуені мен поэтикалық мәтіні бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді. Дегенмен, фольклортану ғылымында халық әндерінің жиналу тарихы мен музыкалық құрылымы, орындаушылық дәстүрі біршама зерттелгенімен, ән мәтіндеріндегі көркемдік-бейнелеу құралдары, соның ішінде табиғат образдары мен адам жанының үндестігін білдіретін психологиялық параллелизм мәселесі арнайы әрі кешенді түрде ғылыми айналымға ене қойған жоқ.

Бұл тақырыпты таңдаудағы басты негіз – бүгінгі жаһандану дәуіріндегі ұлттық кодты айқындау қажеттілігі мен халық әндерінің мәтіндік табиғатына деген жаңаша көзқарастың қалыптасуы. Зерттеу жұмысының өзектілігі халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы табиғаттың орнын қайта пайымдаумен тікелей байланысты. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін табиғат бар болғаны қоршаған орта немесе пейзаждық фон қызметін атқарып қана қоймай, мұндас, сырлас, тіршіліктің өзегі ретінде көрініс табады. Сондықтан халық әндеріндегі тау, дала, өзен, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі адамның ішкі көңіл-күйімен, тағдыр-талайымен астаса суреттеледі. Осы орайда, мақаланың негізгі нысаны ретінде халық жадында сақталып, жинақталған дәстүрлі ән мәтіндері алынып отыр. Бұл ретте авторлық әндер емес, ғасырлар сүзгісінен өткен, авторы ұмытылып, халықтық сипат алған туындыларға басымдық беріліп отыр.

Осыған сәйкес, зерттеудің басты мақсаты – қазақ халық әндеріндегі психологиялық параллелизм құбылысының табиғатын ашу және табиғат көріністерінің адам сезімін жеткізудегі поэтикалық қызметін айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін ән мәтіндеріндегі тұрақты теңеулер мен метафораларды, орнитонимдер (құс атаулары) мен фитонимдердің (өсімдік атаулары), зооморфонимдердің (жан-жануар атаулары) қолданысын талдау, сондай-ақ табиғи құбылыстар арқылы жасалған психологиялық образдар жүйесін зерделеу көзделген. Біздің ғылыми болжамымыз бойынша, халық әндеріндегі табиғат пен адам жанының егіз суреттелуі – кездейсоқ ұйқас немесе қарапайым көркемдік тәсіл ғана емес, қазақ халқының табиғатпен тұтастығын, экологиялық және эстетикалық мәдениетінің биік деңгейін көрсететін бірегей дүниетанымдық жүйе.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізі қазақ халық әндеріндегі көркемдік жүйені кешенді түрде зерделеуге бағытталған. Зерттеу барысында біз алдымызға мынадай іргелі зерттеу сұрағын қойдық: XX ғасырда хатқа түскен қазақ халық әндерінің мәтіндеріндегі табиғат образдары қандай эстетикалық және психологиялық қызмет атқарады және психологиялық параллелизм ұлттық дүниетанымды жеткізудің

негізгі құралы бола ала ма? Осы сауалға жауап іздеу барысында біз келесі ғылыми гипотезаны басшылыққа алдық: халық әндеріндегі табиғат көріністері мен адамның ішкі сезімдерінің қатар суреттелуі (параллелизм) – стилистикалық тәсіл әрі көшпелі мәдениеттегі «адам және табиғат» тұтастығын көрсететін, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты этнопоэтикалық жүйе. Бұл жүйеде табиғат лирикалық кейіпкердің психологиялық жай-күйін ашады.

Қойылған міндеттерді шешу мақсатында зерттеу жұмысы бірнеше кезеңдер бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде іргелі академиялық жинақтан, атап айтқанда «Бабалар сөзі» жүзтомдығының ән-өлеңдерге арналған 99 және 100-томдарынан, табиғат образдары кездесетін халық әндерінің мәтіндері іріктеліп алынды. Бұл екі том бір мыңнан астам ән мәтінін қамтиды әрі Орынбор, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Жетісу өңірлерінен, сондай-ақ шетелдегі қазақтардан жазып алынған нұсқаларды қамтитындықтан, образдар жүйесінің жалпыхалықтық сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Екінші кезеңде жинақталған эмпирикалық материалдар тақырыптық және мағыналық топтарға жіктелді. Үшінші кезеңде іріктелген мәтіндерге құрылымдық-семантикалық талдау жасалып, психологиялық параллелизмнің түрлері анықталды.

Мақалада зерттеу нысанының ерекшелігіне сай кешенді зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, текстологиялық талдау әдісі арқылы ән мәтіндерінің түпнұсқалық нұсқалары салыстырылып, олардың сақталу деңгейі тексерілді. Құрылымдық-семантикалық әдіс психологиялық параллелизмнің жасалу жолдарын (тура және теріс параллелизм) анықтауға мүмкіндік берді. Образдардың таралу заңдылығын объективті негіздеу мақсатында статистикалық әдіс қолданылып, әрбір табиғат образының қанша ән мәтінінде ұшырасатыны есептелді. Этнопоэтикалық талдау әдісі табиғат символикасының (аққу, қаз, қайың, тау) ұлттық дүниетанымдағы орнын ашу үшін қолданылса, салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы түрлі аймақтардан жиналған әндердегі ортақ сарындар әрі қазақ материалының өзге халықтар фольклорымен үндестігі зерделенді.

Жүргізілген зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде келесі тұжырымдар жасалды: қазақ халық әндеріндегі табиғат образдары – адамның ішкі әлемін бейнелеудің ең ұтымды құралы; психологиялық параллелизм арқылы лирикалық қаһарманның мұңы, қуанышы, ғашықтық сезімі мен өмір туралы философиялық толғаныстары терең ашылады. Бұл нәтижелер қазақ фольклорының поэтикалық тілін жаңа қырынан тануға және халықтық мұраны заманауи ғылыми көзқараспен бағалауға негіз болады.

2.2. Материалға сипаттама

Қазақ халық әндерінің табиғатын, жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін зерттеу мәселесі отандық және әлемдік фольклортану, өнертану ғылымында маңызды орын алады.

Халық әндерінің тарихы мен орындаушылық дәстүрі академик А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары», Б.Г. Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мұрасы», «Қазақ халқының ән мәдениеті» сияқты іргелі зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. Бұл ғалымдар әннің синкретті (әуен мен сөздің бірлігі) табиғатын негіздеп берді.

Мәселен, Б.Г. Ерзакович халық лирикасын зерделей келе, «Япурай» әнін табиғат лирикасының үздік үлгісі ретінде қарастырып: «Япурай» әні халық лирикасының көрнекті үлгісі бола алады. Оның мәнерлі музыкалық және поэтикалық образдарында табиғат әсемдігімен қатар, адамның көңіл-күй толғаныстары да бейнеленген», – деп жазады (Ерзакович, 1966: 93). А. Жұбанов та қазақ үшін әннің өмірлік мәнін атап өтіп, «қазақта әнсіз өмір жоқ» деген тұжырым жасайды (Жұбанов, 2001: 5). Б.Г. Ерзаковичтің табиғат әсемдігі мен адам толғаныстарының бір ән бойында қатар бейнеленетінін атап көрсетуі табиғат пен адам сезімінің егіз суреттелуін өнертану тұрғысынан бекітсе, А. Жұбановтың тұжырымы табиғат пен адам үндестігінің этнос дүниетанымындағы орнықты сипатын дәйектейді. Сөйтіп, бұл ғалымдардың байқаулары психологиялық параллелизмді кездейсоқ көркемдік тәсіл емес, жүйелі құбылыс деп қарастыруымызға жол салады.

Қазақтың дәстүрлі әнші-композиторларының мұрасын мәтіндік-текстологиялық тұрғыдан зерттеуде өнертанушы З. Қоспақовтың үлесі ерекше. Ғалым «Ғасырлардан жеткен үн» және «Қазақтың әншілік өнері» атты еңбектерінде Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сынды әнші-композиторлардың ән мәтіндерін жинап, сараптап, олардың шығу тарихы мен авторлығын ғылыми негізде анықтады. Ғалымның ән мәтінін музыкалық әуеннен дербес, өзіндік мағыналық құрылымы бар нысан ретінде қарастыруы – біздің әдіснамалық ұстанымымызға, яғни ән поэтикасын талдау нысанына айналдыруға ғылыми негіз болды.

Осы бағыттағы теориялық-поэтикалық және фольклорлық зерттеулерге келер болсақ, қазақ халық өлеңдерінің поэтикалық табиғатын филологиялық тұрғыдан зерттеуде А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінің орны бөлек. Ғалым қазақ поэзиясындағы «шендестіру», «мегзеу», «түйдектеу» ұғымдарын ғылыми айналымға енгізіп, қазақ өлеңіндегі табиғат суреттерінің ұлттық ерекшелігін айқындады. А. Байтұрсынұлы тұжырымдаған «шендестіру» категориясы – мәні жағынан психологиялық параллелизммен тікелей астасатын ұлттық ұғым, сондықтан оны теориялық негіз ретінде алу біздің талдауымызда қазақ ән мәтіндеріндегі табиғат пен адам сезімінің егіздігін ұлт өзінің поэтикалық дәстүрінде әу бастан танып, атау берген құбылыс ретінде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ал фольклортанушы Б. Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» (1974) атты іргелі монографиясында ғалым халық өлеңдерін түркі-моңғол, әрі әлемдік кеңістіктегі көркемдік құбылыстармен салыстыра отырып, олардың жанрлық-типологиялық жүйесі мен бейнелеу ерекшеліктерін кешенді негіздеп берген (Уахатов, 1974). Ғалым халық өлеңдерін тұтас жанрлық жүйе ретінде қарастырып, олардың көркемдік-бейнелеу ерекшеліктерін түркологиялық кең контексте негіздеген. Бұл еңбектер ән мәтіндерінің поэтикасын арнайы нысан ету ісіне берік әдіснамалық арна қалыптастырды.

Зерттеуіміздің теориялық негізі ретінде орыс ғалымы, «тарихи поэтиканың» негізін салушы А.Н. Веселовскийдің еңбектері маңызды рөл атқарады. Ол әлемдік фольклордағы «психологиялық параллелизм» теориясын негіздеп, табиғат құбылыстарының адам сезімін білдірудегі әмбебап қызметін көрсетіп берді. Ғалымның осы тұжырымдары қазақ ән өлеңдеріндегі табиғат образдарын талдауға негіз болады. Дегенмен, бұл әмбебап теорияны қазақ халық әндерінің нақты материалына қолдану отандық фольклортану мен өнертанудың жетістіктеріне сүйенуді талап етеді.

Түркітанушы ғалымдар В. Радлов пен А. Ходзько түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі табиғат культі жайлы құнды пікірлер қалдырды, олардың жинау-салыстыру еңбектері кейінгі поэтикалық зерттеулерге бай материал берді. Қазақ ән мәтіндеріндегі нақты поэтикалық тәсілдерді арнайы талдау бүгінгі фольклортанудың еншісінде қалып отыр. Мұны зерттеуші Т.Ә. Қоңыратбай да растайды. Ғалым қазақ музыкатануында аспаптық, вокалдық және жанрлық мәселелер біршама зерттелгенімен, «қазақ музыкасының тарихи тегі мен көркемдік, стильдік мәселелері бір-бірінен бөлек қарастырылып, олардың өзара сабақтастығы» жеткілікті ескерілмей келгенін, ал әдеби мәтіннің поэтикалық қыры екінші кезекте қалып отырғанын ескертеді (Қоңыратбай, 2022: 19).

Зерттеу тақырыбының халықаралық ғылыми контекстегі орнын айқындау үшін табиғат образдары мен оның символикасына арналған бірқатар салыстырмалы зерттеуге жүгіну қажет. Л.Е. Шабдарова мари халық әндеріндегі өсімдік әлемі образдарының символикасын зерделей келе, ағаш пен гүл бейнелерінің халық әнінде адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын білдіретін тұрақты символдық мән иеленетінін, бұл құбылыс түркі мен фин-угор халықтарының поэтикалық дәстүрінде ортақ екенін дәлелдейді (Шабдарова, 2001), бұл тұжырым қазақ ән өлеңдеріндегі фитонимдік параллелизмді типологиялық тұрғыдан негіздеуге тірек болады. С.Н. Нефедова табиғат образын ақынның дүние моделінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, ол арқылы автор болмысты тұтас көркемдік жүйеге айналдыратынын көрсетеді (Нефедова, 2001), сол арқылы ән мәтініндегі табиғат образын «символдық код» деп тұжырымдауымызды теориялық жағынан бекітеді. И.В. Мишачева антикалық және ерте ортағасырлық мәдениеттегі табиғат образдарын зерттей отырып, табиғаттың көркемдік бейнеленуі әрбір мәдени дәуірдің дүниетанымдық жүйесімен тығыз байланысты екенін айқындайды (Мишачева, 2004), бұл зерттеу қазақ ән лирикасындағы образдардың этномәдени негізін түсінуге жол ашады. Аталған еңбектердің нәтижелерімен салыстыру қазақ ән өлеңдеріндегі образдар жүйесінің бір жағынан жалпыадамзаттық фольклорлық заңдылыққа бағынатынын, екінші жағынан көшпелі дүниетанымнан туындаған өзіндік ұлттық ерекшелігі бар екенін көрсетеді.

Осы уақытқа дейін ән өлеңдері көбіне музыкатану немесе тарихи аспектіде зерттеліп, мәтіннің поэтикалық құрылымы екінші кезекте қалып келді, сондай-ақ халық әндеріндегі психологиялық параллелизм көрінісінің жүйелі талданбауы да зерттеудің өзектілігін арттырады. Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы ХХ ғасырдағы қазақ халық әндеріндегі табиғат образдарының символдық мәнін ашу және психологиялық параллелизмді ұлттық дүниетанымның негізгі коды ретінде қарастыру арқылы талдауға бағытталған.

3. Талқылау

Қазақ халық әндерінің поэтикалық құрылымын түзуші негізгі компоненттердің бірі – табиғат әлемі мен адам жанының үндестігіне құрылған психологиялық параллелизм құбылысы. Бұл күрделі категорияның табиғатын ашуда академик А.Н. Веселовскийдің зерттеулері іргелі рөл атқарады. Ол: «Адам сыртқы әлемнің бейнелерін өзінің сана сезімінің формалары арқылы қабылдайды... Біз табиғатқа

өзіміздің өмірлік түйсігімізді, қозғалыстағы күш-қуатымызды еріксіз түрде көшіреміз» деп жазады (Веселовский, 1940: 125). Ғалымның тұжырымдауынша, мұндай балау тәсілінің түпкі төркіні адам баласының өзін табиғаттан бөлек қарастырмаған архаикалық анимистік тұтастық кезеңіне барып тіреледі. Кейіннен аналитикалық ойлау жүйесінің дамуына байланысты алғашқы тікелей баламалау үдерісі өз орнын біртіндеп поэтикалық теңеулерге бергені байқалады. Қазақ ән мұраларында осы эстетикалық эволюцияның қос сатысы да қатар сақталып қалған. Мысалы, лирикалық кейіпкердің өзін «аққу едім» немесе «сұңқар едім» деп тікелей бейнелеуі (метафоралауы) архаикалық синкретизмнің айқын ізі болса, «-дай», «-дей» жұрнақтары арқылы өрілетін дәстүрлі теңеулер сол іргелі негіздің уақыт өте келе қалыптасқан көркемдік даму сатысын танытады.

XX ғасырда ғылыми айналымға еніп, ноталық және мәтіндік нұсқалары хатқа түскен фольклорлық мұраларды кешенді зерделеу барысында байқалатын басты заңдылық – халық композиторлары мен аты-жөні ұмыт қалған әнші-ақындардың табиғат құбылыстарын пейзаждық фон ретінде емес, «субъект пен объектіні қозғалыс категориясы бойынша салыстыруға» сүйеніп, яғни адамның ішкі сезім-күйін бейнелеуші негізгі құрал ретінде қолдануы.

Зерттеу нысаны ретінде іріктелген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 99 және 100 томдарына енген 1000-нан астам ән мәтініне жасалған статистикалық сараптама табиғат образдарының кездейсоқ деталь емес, жүйелі түрде өрілетін тұрақты бейнелер екенін айқындады. Қолданыс жиілігі жағынан алдыңғы орынды ат, түлпар, жүйрік, арғымақ сынды атаулармен келетін жылқы бейнесі (150-ге жуық ән мәтінінде) мен тал, тал шыбық (140-қа жуық әнде), сондай ақ гүл, бәйшешек (90-нан астам әнде) сияқты өсімдік әлемінің танымдық образдары иеленеді. Ал құс бейнесіндегі орнитоморфтық образдар арасында бұлбұл 70-тен астам, аққу 40-тан астам, сұңқар мен қыран әрқайсысы 30-дан астам ән мәтінінде кездеседі. Мұндай сандық көрсеткіштер аталған көркемдік образдардың жекелеген орындаушының ғана тапқырлығы емес, ұжымдық дүниетанымда бекіген, ән жанрын қалыптастырушы тұрақты код екенін нақтылайды, сонымен бірге бұл деректер төменде келтірілген сапалық талдау жұмыстарының негізгі эмпирикалық тірегін құрайды.

Бұл құбылысты әлемдік фольклортану ғылымы тұрғысынан қарастырған америкалық ғалым, «ауызша дәстүр» теориясының негізін салушылардың бірі Джон Майлз Фоули: «Дәстүрлі поэзиядағы табиғат суреттері (ағаш, құс, тау) – декорация болып қана қоймай, «имманентті өнер» заңдылығына сәйкес, тыңдаушының жадындағы терең мағыналарды оятатын дәстүрлі сілтемелер болады» (Фоули, 1991: 98) деп тұжырымдайды. «Қазақ халқының дәстүрлі ән мәтіндерінің мазмұнынан Ұлы дала әуені мен қатпарлы тарихы, тұрмыс-тіршілігінің сан қилылығы, қоғамдық ой-санасы мен әлем бейнесін қабылдаудағы ерекшеліктері көрініс береді» (Күркебаев, 2022: 35). Бұл орайда соңғы жылдардағы отандық зерттеулер де табиғат образдарының таза суреттеу қызметінен әлдеқайда тереңде жатқан семантикалық қабатын айқындай түседі. Ж.Ж. Жарылғапов пен Г.А. Бахбергенова қазақ поэзиясындағы құстар бейнесін зерделей келе, оларды халықтың табиғатпен үндестігін, рухани болмысы мен философиялық ойлау жүйесін айқындайтын

маңызды көркемдік тәсіл ретінде бағалайды (Жарылғапов, Бахбергенова, 2025: 126). Дәл осы тұжырым біз ұсынып отырған пайымдауды, яғни ән мәтініндегі табиғат суреттерінің лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін кодтаушы таңбалық жүйе екенін ғылыми тұрғыдан бекіте түседі. Яғни, ән мәтіндеріндегі табиғат образдары лирикалық кейіпкердің ішкі психологиялық иірімдерін, әлеуметтік статусын, жас ерекшелігі мен көңіл-күйінің құбылмалы сәттерін бейнелеуде таптырмас поэтикалық тәсілге айналған. Әсіресе, лирикалық қаһарманның ғашықтық ынтызарлығын, туған жерге деген сағынышын және фәни мен бақи туралы философиялық толғаныстарын жеткізуде табиғат лирикасы мен адам сезімінің егізделе суреттелуі, яғни шендестіру әннің эмоционалдық қуатын арттыра түскен.

Зерттеу нысанына алынған ән мәтіндеріндегі ең жиі кездесетін және семантикалық жүгі ауыр образдардың бірі – жылқы бейнесі. Көшпелі қазақ тұрмысында жылқы түлігі тек шаруашылық қажеттілігін өтейтін мүлік ғана емес, ол – ер жігіттің қанаты, сырласы әрі сұлулық пен тектіліктің эталоны ретінде қабылданған. Бұл құбылыстың ұлттық-мәдени негізін көшпенділер мәдениетіндегі жылқы феноменін арнайы зерттеген С. Күзембайдың тұжырымдары айқындай түседі. Ғалым жылқының номадтар дүниетанымында шаруашылық нысаны шеңберінен шығып, рухани мәдениеттің символдық өзегіне айналғанын көрсетеді (Күзембай, 2010). Осы тұрғыдан алғанда, ән мәтініндегі ат образы – этностың құндылықтар жүйесін тасушы таңба. Бұл құбылыс тек қазақ фольклорына ғана тән емес, жалпыхалықтық сипатқа ие. Ресей ғалымы М.Ю. Зорко Рязань өлкесінің халық әндеріндегі жануарлар әлемін зерттей келе: «Ұзаққа созылатын жауынгерлік және салттық әндерде жылқы – әрқашан жауынгердің сенімді серігі және күйеу жігіттің әлеуметтік статусы мен ер жігіттік қасиетін көрсететін басты маркер» деген ортақ типологиялық заңдылықты алға тартады (Зорко, 2025: 223). Мәселен, ел арасында кең тараған «Абайкөк» әнінің нұсқаларына, әсіресе 2-нұсқасына назар аударсақ, ондағы тұлпар бейнесі мен сұлу қыздың портреті қатар өріліп, параллель суреттелетінін байқаймыз. Мәтіндегі:

«Сылаң қаққан сипатын көрмегендей, Абайкөк

Денесі мен мүсіні сөйлегендей...» деген жолдардағы «сылаң қағу» тіркесі бір қарағанда жүйрік аттың әдемі жүрісі мен физиологиялық қалпын бейнелегенімен, астарлы мағынада бойжеткеннің нәзік қимылын, мүсінін меңзеп тұр. Бұл құбылысты әдебиеттану ғылымында «екі мүшелі параллелизм» деп аталып, оның жалпы типін былай сипатталады: «Табиғат суреті, оның жанында адам өмірінен алынған дәл сондай сурет; олар объективті мазмұны жағынан әртүрлі болғанымен, бір-біріне үн қатады, араларында ортақ нәрсені айқындайтын үндестік жүреді» (Веселовский, 1940: 133). Бұл фольклорда кездесетін зооморфтық параллелизмнің классикалық үлгісі, яғни жануардың грациясы арқылы адам сұлулығын әспеттеу тәсілі. Түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеуші белгілі неміс ғалымы Карл Райхл зерттеу еңбегінде: «Түркі поэтикалық дәстүрінде аттың жүрісі мен адамның мінез-құлқын қатар қою – көшпелілер мәдениетіне тән бірегей «зооморфтық метафора» жүйесін құрайды. Мұнда жануар әлемі адамның әлеуметтік және эстетикалық идеалын көрсету үшін қызмет етеді» (Райхл, 1992: 159) деп баға береді. Шетелдік типологиямен үндесетін бұл құбылыс заманауи отандық зерттеулерде де ұлттық дүниетаным тұрғысынан

пайымдалады. Отандық ғалымдар дәстүрлі ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесін зерделей келе, олардың мазмұнынан көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігі мен әлемді қабылдау ерекшеліктері тұтас көрініс беретінін атап өтеді (Күркебаев, Ордабекова, 2022: 35). Демек, аттың сыртқы тұрпаты мен қозғалысы арқылы адамның мінезін, мәртебесін һәм сұлулығын бейнелеу – жекелеген ақынның тәсілі емес, бүкіл этностың дүниетанымдық кодына негізделген тұрақты поэтикалық жүйенің көрінісі.

Жылқы образы арқылы лирикалық қаһарманның ішкі психологиялық күйзелісі мен ынтызарлығы «Екі жирен» әнінде де терең ашылған:

«Екі жирен, жалын түйген,

Жалғанда ғашығым сен, жаным сүйген» (Бабалар сөзі, 2013: 154)

Мұндағы «жалын түйген» тіркесі этнографиялық тұрғыдан бәйгеге қосылар аттың күтіміне қатысты болғанымен, поэтикалық контексте ғашықтардың жүрегіндегі сөнбес «жалынды», отты сезімді білдіреді. Аттың жалы мен ғашықтық отының (жалын) омонимдік және мағыналық тұрғыдан шендестірілуі – халықтық поэзиядағы тұрақты ассоциативті байланыстың көрінісі. Бұл жерде ат жалы пен ғашықтық жалыны бір сөздің төңірегінде дыбыстық сәйкестік арқылы қатарласып тұр, әдебиеттану тұрғысынан бұл – омонимдік қатарластыруға негізделген тура параллелизмнің үлгісі, мұнда дыбыс ұқсастығы екі мағыналық қатарды жалғаушы құрал қызметін атқарады. Өнертанушы З. Қоспақов осы «Екі жирен» әнін текстологиялық тұрғыдан зерттеп, оның авторы – дарынды әнші-композитор Балуан Шолақ екендігін ғылыми негізде дәлелдеген болатын (Қоспақов, 2017). Ал «Бозжорға» әніндегі:

«Бозжорға, жорғаңа бас, алдында ел жоқ...

Ат ұстап қарсы алатын бұраң бел жок» (Бабалар сөзі, 2013: 201) деген жолдардағы жүйрік аттың екпінді қозғалысы мен алдан күткен адамның жоқтығынан туындаған бос кеңістік қарама-қайшылық тудырып, лирикалық «Меннің» жалғыздық трагедиясын үдетіп, күшейте түседі.

Халық әндеріндегі орнитеонимдер, яғни құстар әлемі де адам тағдырының символдық айнасы ретінде қызмет етеді. Дәстүрлі дүниетанымда аққу, қаз, үйрек бейнелері қыз баланың нәзіктігі мен сұлулығын сипаттауда жиі қолданылса, жыртқыш құстар ер жігіттің бейнесін ашуға қызмет етеді. «Қазақ әдебиетіндегі құстар бейнесі – халықтың табиғатпен үндестігін, рухани болмысы мен философиялық ойлау жүйесін айқындайтын маңызды көркемдік тәсіл» (Жарылғапов, 2025: 126). Әсіресе, аққу бейнесі ежелгі наным-сенімдерде киелі саналып, тазалық пен махаббаттың, әлемдер байланысының символы ретінде қалыптасқан. Мәселен, әйгілі «Гәкку» әнінде:

«Шүрегей, көлден ұшқан, сіз бір аққу...

Сырнай мен домбыраның арасында,

Балқыған қорғасындай, қайран, Гәкку» (Бабалар сөзі, 2013: 131) деген теңеулер қолданылған. Мұндағы «аққу» – эстетикалық сұлулықтың жоғарғы өлшемі болса, «балқыған қорғасын» – ғашық жүректің психологиялық халін бейнелейтін метафора. Әдебиеттану тұрғысынан мұны суреттеу тәсілі ғана емес, екі түрлі сезімдік қатарды, атап айтқанда металдың балқуы мен жан дүниесінің елжіреуін ортақ белгі, яғни «еру, жұмсару» семасы арқылы қатарластыратын психологиялық параллелизмнің көрінісі деп тану орынды. Қорғасынның физикалық қасиеті лирикалық кейіпкердің ішкі күйін

ашушы бірлік ретінде алынып, тыңдаушы санасында нақты әрі негізді ассоциациялық байланыстар тудырады. Осылайша табиғи металдың өзіндік ерекшелігі мен адам жан дүниесінің нәзік иірімдері өзара параллель өрілу арқылы әннің көркемдік қуатын арттырып тұр.

Әлеуметтік теңсіздік немесе тұлғалық бәсекелестік мәселесі де табиғаттағы құстар иерархиясы арқылы шебер беріледі. Біршама ән өлеңдерінің мәтінінде кездесетін: «Жапалақ жалбаң-қалбаң ұшар сайдан, Абайкөк,

Лашын құс қуып жетер әлдеқайдан» (Бабалар сөзі, 2013: 34) деген жолдарда құстардың қарым-қатынасы арқылы қоғамдық қатынастар суреттеледі. Бұл іспетті жыр жолдарында құстар иерархиясы әлеуметтік қатынастарды бейнелейтін аллегория ретінде қызмет етеді. Мұндағы «жапалақ» – дәрменсіз, қолы қысқа адамның бейнесі болса, «лашын» – алғыр, мақсатына жететін, рухы биік тұлғаның символы. Әдебиеттану тұрғысынан бұл А.Н. Веселовский «бір мүшелі параллелизм» деп атаған тәсілге жуық құбылыс, яғни адам мәтінде тура аталмай, толығымен табиғат образына кодталады да, символдық қатар оқырманның дәстүрлі танымы арқылы ашылады. Ғалым мұндай құбылысты түсіндіре келе, «параллелизм формуласындағы кейбір образдар (мысалы, сұңқар – күйеу жігіт, аққу – қалыңдық) тұрақты символдарға айналатынын» жазады (Веселовский, 1940: 147). Бірқатар ғалымдардың пайымдауынша, қазақ поэзиясында бүркіт, сұңқар, лашын сынды жыртқыш құстар ежелден еркіндіктің, асқақ арман мен рухтың символы ретінде қарастырылған. Бұл бейнелер адамның ішкі қуатын, жігерін және әлеуметтік мәртебесін айқындау үшін қолданылады (Жарылғапов, 2025: 132). Бұл құбылыстың теориялық негізін америкалық ғалым Уильям Ройдың халық музыкасының әлеуметтік табиғаты туралы зерттеулерінен табамыз. Ғалым: «Халық әндері – әлеуметтік шекараларды айқындайтын, қоғамдағы «біз» және «олар» (жоғары және төменгі топ) деген ұғымдарды ажырататын және ұжымдық бірегейлікті қалыптастыратын қуатты құрал» (Рой, 2010: 89) деп тұжырымдайды.

Халық әндеріндегі суреттеу жүйесінде тікелей параллелизмнен бөлек, аңшылық-саятшылық кәсіпке қатысты метафоралық ұқсатулар да жиі ұшырасады. Мысалы, «Ақтұйғын» әнінде «Ақтұйғын бағаң артық қаршығадан» деген жол арқылы сүйген жарының басқалардан артықшылығын құс төресіне теңеу арқылы жеткізеді. Сол сияқты «Аугигай» әніндегі:

«Әуеде ұшып жүрген ақ сұңқарым,

Қонсайшы тұғырына кел дегендей» (Бабалар сөзі, 2013: 81) деген жолдарда ғашық жігіттің қызға деген ынтызарлығы, оны өз «тұғырына» қондырсам деген арманы кәсіби аңшылық лексикасы арқылы астарлы берілген. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, себебі зерттеушілер атап өткендей, көшпелі халық табиғатқа етене жақын болғандықтан, жыртқыш құстарды қолға үйретіп, саят құру барысында қалыптасқан тұғыр, томаға, бау сияқты ұғымдарды кейіннен адам өміріне, әлеуметтік қатынастарға көшіріп, көркем тілдегі тұрақты образдар жүйесін жасақтаған (Жарылғапов, 2025: 129). Бұдан көшпелі халықтың тұрмыстық тәжірибесі мен поэтикалық ойлау жүйесінің тұтастығы көрінеді.

Табиғат лирикасындағы ең нәзік және терең мағыналы образдардың бірі – фитонимдер, яғни өсімдіктер әлемі. Жоғарыда келтірілген статистикалық

деректер фитонимдердің (тал, гүл, ағаш) жиілігі жағынан жылқы образымен қатар тұрғанын көрсетеді, бұл олардың ән поэтикасындағы айрықша рөлін айғақтайды. Л.Е. Шабдарова мари әндеріндегі өсімдік символикасын талдай келе, ағаш образының халық әнінде адамның антропоморфтық баламасына айналатынын дәлелдейді (Шабдарова, 2001), қазақ ән өлеңдері де осы типологиялық заңдылықты нақты растайды. Халық әндерінде ағаш – адам тағдырының, әсіресе жастық шақ пен сұлулықтың, өміршендіктің баламасы ретінде алынады. «Ақ қайың» әнінің 1-нұсқасында: «Ой, қалқа, құлағың сал мына сөзге... Ақ қайың!» деп басталатын жолдарда қайың ағашы жай ғана қаратпа сөз немесе табиғат объектісі емес, ол – лирикалық кейіпкердің сырласу субъектісі. Әдебиеттегі табиғат мәселесін зерттеуші Лоуренс Бюелл «экологиялық қиял» тұжырымдамасында: «Адам өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде сезінгенде, ағаштар мен өсімдіктер антропоморфтық сипатқа ие болып, адамның екінші «Меніне» айналады» деп көрсетеді (Бюелл, 1995: 262). Қайыңның түзулігі, қабығының ақтығы және желмен тербелген нәзіктігі қазақ ұғымындағы қыз баланың бейнесімен ассоциативті-бейнелі түрде байланысып, антропоморфтық сипатқа ие болған.

Өсімдіктер әлеміндегі көктеу, пісу, ору кезеңдері адам өмірінің кезеңдерімен шендестіріледі. «Ағаш үйде терезе» әніндегі:

«Жоғарыдан келемін заулай түсіп,

Орған бидай жатады баудай түсіп» (Бабалар сөзі, 2013: 39) деген табиғат суретіне мән берсек, орылған бидай – піскен, толықсыған, бірақ өмірінің бір кезеңі аяқталған табиғат бөлігі. Бұл пейзаждық сурет кейіпкердің «сен есіме түскенде... жата алмаймын аунай түсіп» деген мазасыз көңіл-күйімен, ішкі аласапыранымен параллель өріледі. Яғни, даладағы жиналған егіннің жай-күйі мен үйдегі мазасыз адамның халі арасында көзге көрінбейтін ішкі мағыналық байланыс барын аңғарамыз.

Табиғаттағы жұптылық пен даралық ұғымдары да өсімдіктер арқылы символданады. «Бір ағашта қос жиде» әніндегі:

«Бір ағашта қос жиде,

Мен тимейін, сен тиме» (Бабалар сөзі, 2013: 125) деген жолдарда табиғаттағы жемістің бір бұтақта жұп болып өсуі – екі жастың тағдырының бірлігін меңзейді. Ал «Балқурай» әніндегі:

«Домбырам басы балқурай,

Басына қонар бозторғай» (Бабалар сөзі, 2013: 113) деген жолдарда қурайдың нәзіктігі (өмірдің қысқалығы) мен ондағы аз ғана қуаныштың (торғайдың қонуы) символикалық мәні жатыр. Қурай – уақытша тіршіліктің, ал торғай – сол тіршіліктегі жанның бейнесі іспетті.

Халық әндеріндегі өзен, көл, дария мен ондағы өсімдіктер көбінесе өмір ағысы мен қол жетпес арманды, кедергілерді бейнелейді. «Ай-ау, қой-ау» әніндегі:

«Дарияның ортасында сіз бәйтерек-ай,

Мен келдім бұтағыңа қонақтауға» (Бабалар сөзі, 2013: 40) деген жолдар – адам мен табиғатты біріктіре қарастыратын күрделі метафораның жарқын үлгісі. Мұнда ғашық қыз – су ортасындағы қол жетпес, биік бәйтерекке, ал жігіт – соны паналаған құсқа теңеледі. Табиғаттың жойқын стихиясы ғашықтар арасын бөліп тұрған кедергіні

білдірсе, бәйтерек пен құс – сол толқын арасынан пана іздеген ғашық жүректердің символикалық көрінісі.

Географиялық кеңістік пен сезімнің шексіздігі «Ертіс» әніндегі гиперболалық параллелизм арқылы берілген:

«Ертістің ар жағында көрдім сені,

Сырғанды қайық қылып өткіз мені» (Бабалар сөзі, 2013: 158) деген жолдарда шынайылық пен мифтік таным астасып жатыр. Ертіс өзені – екі ғашықты бөліп тұрған нақты физикалық және әлеуметтік кедергі болса, кішкентай сырғаны қайық қылу – мүмкін емес нәрсеге қол созу, ғашықтық жолындағы шексіз қиял мен тәуекелдің көрінісі. Бұл жерде өзен атауы сезімнің ауқымын көрсету үшін көркемдік деталь ретінде ұтымды қолданылған.

«Әуілдектің қамыстары» (немесе «Әпитөк») әніндегі нақты жер-су атауы мен ондағы табиғи орта адамның сарғайған сағынышымен психологиялық үндестік табады:

«Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,

Сарғайдым осынау көлдің суын іше» (Бабалар сөзі, 2013: 106).

Көл суын ішіп сарғаю – физиологиялық процесс емес, ол – «дерт», жанның күйзелісі, ғашықтық мұң. Қамыстың буын-буын болып, тізбектеле өсуі мен адамның ішіндегі қат-қабат қайғының, шешілмеген түйіндердің ұқсастығы параллель суреттелген. Табиғаттың, яғни күздегі «сарғаю» мен адамның «сарғаюы», яғни қайғы-мұңы бір нүктеде тоғысады.

Қазақ әндеріндегі тау образы тұрақтылық пен мәңгіліктің, сонымен бірге қолжетімсіз биіктіктің символы саналады. «Баянауыл» әніндегі: «Баянауыл басынан бұлт кетпес... Қош, ағатай, дегенің естен кетпес» деген жолдарда тау басындағы тұрақты табиғи құбылыс (бұлттың сейілмеуі) пен адам жадындағы ұмытылмас сәт (қоштасу сөзі) шендестірілген. Таудың биіктігі мен бұлттың тұрақтылығы – көңілдегі қайғының немесе сағыныштың ауырлығы мен ұзақтығын, оның уақыт өтсе де өзгермейтінін білдіреді.

Жыл мезгілдерінің ауысуы мен табиғаттың құбылмалылығы адамның психологиялық жай-күйімен тікелей байланыстырылады. «Ақжай» әнінде:

«Қар жауар қарашада қатқақ болып,

Қалады жаңбыр жауса батпақ болып...

Түскенде сен есіме, беу, қарағым,

Талпынам балапандай ұядағы» (Бабалар сөзі, 2013: 186) деген жолдар арқылы сыртқы орта мен ішкі сезімнің контрасты берілген. Қарашаның суығы мен батпағы – сыртқы өмірдің қолайсыздығы, қаталдығы болса, ұядағы балапан – адамның ішкі дәрменсіз, жылу іздеген нәзік сезімі. Суық табиғаттан қашып, қиялдағы «жылы ұяға», яғни жар құшағына ұмтылу – психологиялық қорғаныс реакциясының поэтикалық бейнесі.

Ай, Күн, жұлдыз, Шолпан сынды космогониялық образдар халық әндерінде сұлулықтың және үміттің ең жоғарғы, идеалды өлшемі ретінде алынады. «Ағуғай, Жамал-ай» әнінде:

«Бағаңа бағаласам жан жетпейді,

Секілді Шолпан жұлдыз аспандағы» (Бабалар сөзі, 2013: 37) делінеді. Жердегі сұлудың қол жетпес биіктігі аспандағы жарық жұлдызбен параллель қойылуы арқылы оның идеалдандырылған, мифтік бейнесі жасалады. Ал «Әридәй, қалқаш» әніндегі:

«Ай қараңғы болғанда, жұлдыз жарық,

Қайда жүрсен бір жарық түспегі анық» (Бабалар сөзі, 2013: 110) деген жолдар – оптимистік рух пен сенімнің символы. Табиғаттағы қараңғылықты жұлдыз жарығы сейілтсе, өмірдегі қиындықты жақсылық пен махаббат жеңеді деген философиялық тұжырым жасалады.

Табиғаттағы гүлдеу және жеміс беру сияқты биологиялық цикл адам өмірінің жас кезеңдерімен салыстырылады. «Ағажан, Ләтипа» әнінде:

«Жаңа салған көктемнің гүліндейсің,

Піскен алма жайсаңның бүріндейсің» (Бабалар сөзі, 2013: 39) деген жолдарда көктем мен күз мезгілдерінің нышандары қатар қолданылған. Көктем гүлі – жастық пен пәктіктің, бастаудың белгісі болса, піскен алма – толысқан, кемелденген сұлулықтың және нәтиженің символы. Бұл теңеулер арқылы халық әндерінде уақыттың өтпелілігі, яғни хронотоп және адам ғұмырының табиғат заңдылықтарына бағыныштылығы көрсетіледі.

Кейде табиғат құбылыстары адамның көңіл-күйіне қарама-қарсы контраст мағынада, яғни «теріс параллелизм» әдісімен қолданылады. Мұны «Айым-ай, күнім-ай» әнінен айқын байқауға болады: «Жаз болса жердің жүзі жайнап тұрған... Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек?» Табиғатта жаз болып, әлем жайнап, тіршілік құлпырып тұрғанымен, ғашығының жүрегінің «тас» болуы – терең психологиялық қарама-қайшылықты тудырады. Сыртқы әлемнің шуағы ішкі әлемнің суықтығын, қатыгездігін одан сайын айқындап, лирикалық кейіпкердің трагедиясын тереңдете түседі.

Табиғаттың тосын мінезі мен адамның күтпеген жерден есеңгіреуі арасындағы байланыс «Аулың сенің белде еді» әнінде шебер өрнектелген:

«Су болды ақ көйлегім жаңбыр жауып...

Сен есіме түскенде, қимас қалқам,

Ақбоз аттан жығылдым есім ауып» (Бабалар сөзі, 2013: 83).

Мұндағы жаңбырдың жаууы көңілсіздік пен көз жасының алғашқы хабаршысы іспетті. Ал аттан жығылу сәті сағыныштың шегіне жеткенін, жан күйзелісінің тән әлсіздігіне ұласқанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңбырдың құйыуы мен кейіпкердің естен тануы бір мезетте өрбіген, бірін бірі мазмұндық жағынан толықтырып тұрған параллель оқиғалар қатарында көрініс табады.

Көшпелі өмір салтының динамикасы мен адамның ішкі мазасыздығы «Бейнем-ау» әніндегі көш суреті арқылы беріледі:

«Ел көшеді Арқадан Атырау деп,

Келер күнді ойлаймын-ау, апырау деп...

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,

Сыртылдатып уығын жығып жатыр» (Бабалар сөзі, 2013: 116).

Елдің көшуі – жай ғана мекен ауыстыру емес, ол – уақыттың тоқтаусыз ағысы, өмірдің өтпелілігі. Уықтың сыртылдап жығылуы – бір дәуірдің немесе бір кезеңнің

аяқталып жатқанын, тұрақтылықтың бұзылғанын естіртіп тұрғандай әсер беретін аудиалды метафора. Бұл көрініс адамның болашаққа деген алаңдаушылығымен («апырау деп») астасып жатыр.

XX ғасырдағы қазақ халық әндерінің мәтіндерін талдау нәтижелері көрсеткендей, табиғат образдары, яғни зооним, фитоним, космоним, топонимдер – ән поэтикасының ажырамас бөлігі. Психологиялық параллелизм тәсілі арқылы халық ақындары табиғаттың тылсым күші мен сұлулығын, қаталдығы мен мейірімін адамның ішкі жан дүниесіне көшіріп, лирикалық қаһарманның күрделі психологиялық портретін жасаған. Бұл әндердегі табиғат – үнсіз фон емес, сөйлейтін, сезінетін және адаммен бірге қайғырып, бірге қуанатын тірі организм. Осы тұтастық пен үйлесім қазақ халқының экологиялық және эстетикалық дүниетанымының биік деңгейін айғақтайды.

4. Зерттеу нәтижесі

XX ғасырдағы қазақ халық ән өлеңдеріндегі табиғат лирикасы мен психологиялық параллелизмді кешенді түрде қарастыру нәтижесінде халықтық поэзиядағы табиғат образдарының тек пейзаждық қызметпен шектелмей, лирикалық қаһарманның ішкі психологиялық иірімдерін ашудағы негізгі құрал ретінде қалыптасқаны айқындалды. Статистикалық талдау бұл тұжырымды объективті негіздейді. Ән мәтіндеріндегі жылқы, тал, гүл, бұлбұл, аққу сынды образдардың жоғары әрі тұрақты жиілігі олардың ән түзуші, жүйеқұраушы рөлін айғақтайды. Зерттеу барысында қарастырылған ән мәтіндерін саралау арқылы табиғат суреттерінің зооморфтық, фитонимдік және космогониялық жүйесі жасақталып, олардың әрқайсысының поэтикалық қызметі нақтыланды. Атап айтқанда, ән мәтіндеріндегі ең жиі кездесетін жылқы бейнесі тек көлік құралы емес, ер жігіттің серігі, тағдырласы және сұлулықтың эстетикалық өлшемі ретінде суреттелетіні, ал аттың жүрісі мен физикалық күйі кейіпкердің көңіл-күйімен параллель өрілетіні дәлелденді. Бұл зооморфтық параллелизм үлгілері көшпелі тұрмыстағы «адам – табиғат» тұтастығының айқын көрінісіне жатады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері халық әндеріндегі орнитеонимдердің, яғни құстар әлемі бейнелерінің символдық мәні терең екенін көрсетті. Ән мәтіндеріндегі аққу, қаз, үйрек бейнелерінің ежелгі наным-сенімдердегі киелілік сипаттан бастау алып, кейіннен қыз баланың нәзіктігі мен пәктігін бейнелейтін тұрақты поэтикалық символға айналғаны анықталды. Ал жыртқыш құстар (сұңқар, лашын) мен әлсіз құстардың (жапалақ, қарға) қарама-қайшылығы қоғамдық теңсіздік пен әлеуметтік статусты айқындаушы аллегориялық құрал ретінде қолданылғаны нақтыланды. Құстар әлемі арқылы адамның ішкі қуаты, еркіндікке ұмтылысы және қоғамдағы орны бейнеленеді, бұл образдар жүйесі халықтың табиғатпен үндестігін және рухани болмысын айқындайтын маңызды көркемдік тәсіл екендігі негізделді.

Зерттеу барысында өсімдіктер әлемі мен ландшафт суреттерінің адам өмірінің кезеңдерін бейнелеудегі метафоралық қызметі ашылды. «Қайың», «қурай», «гүл» секілді фитонимдер адам ғұмырының көктеуі – жастық шақ пен солуды – кәрілік немесе қайғы арасындағы параллельді түзу үшін қолданылған. «Тал шыбықтай бұралу», «қара тастай қатаю» секілді теңеулер мен эпитеттер этностың тілдік санасында әбден сіңісіп, лингвомәдени мазмұнға бай тұрақты тіркестерге айналған. Тау, өзен,

көл секілді табиғи кеңістіктер ғашықтар арасындағы қашықтық пен кедергілерді бейнелесе, Ай мен Күн образдары сұлулықты дәріптеудегі гиперболалық қызмет атқаратыны сараланды.

Талдау нәтижесінде психологиялық параллелизм түрлерінің қолданыс аясы айқындалды. Тура параллелизмде табиғаттың жадыраған сәті кейіпкердің қуанышымен үндессе, теріс параллелизмде табиғат құбылыстары адамның қайғылы көңіл-күйіне қарама-қарсы қойылады. Мысалы, табиғаттағы жарықтың жоғалуы мен адам жанының кірлеуі арасындағы байланыс секілді шендестірулердің философиялық мәні зор екені көрсетілді. Бұл әдіс лирикалық кейіпкердің ішкі трагедиясын тереңдете түсу үшін, оның жалғыздығы мен дәрменсіздігін айшықтау үшін қызмет ететіні анықталды.

XX ғасырдағы қазақ халық әндерінің мәтініндегі табиғат образдары кездейсоқ қолданыс емес, ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық жүйенің жемісі екені тұжырымдалды. Ән өлеңдеріндегі сөз бен әуеннің үйлесімі, метафора, теңеу, кейіптеу сияқты көркемдік құралдар арқылы жасалған табиғат суреттері халықтың эстетикалық талғамын, экологиялық мәдениетін және философиялық ой-өрісін танытатын бірегей ұлттық код қызметін атқаратыны ғылыми негізде зерделенді.

5. Қорытынды

XX ғасырдағы қазақ халық әндерінің поэтикалық жүйесін зерделеу нәтижелері ұлттық фольклордағы табиғат лирикасының көркемдік-эстетикалық және философиялық маңызының аса зор екенін көрсетті. Зерттеу жұмысы барысында айқындалғандай, ән мәтіндеріндегі зооморфтық, фитонимдік және космогониялық образдар жүйесі жай ғана сыртқы ортаның суреттемесі емес, лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін ашудың әмбебап кілті қызметін атқарады. Халық композиторлары жылқы мен құс бейнелері арқылы еркіндік, өрлік және ғашықтық сезімдерін бейнелесе, өсімдіктер әлемі мен табиғат құбылыстары арқылы өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, қуаныш пен қайғы сияқты мәңгілік философиялық категорияларды көркемдік тұрғыдан шеше білген.

Психологиялық параллелизм – халық әндеріндегі мағыналық құрылымның негізгі ұйытқысы ретінде қарастырылды. Табиғаттағы құбылыстарды адамның көңіл-күйімен шендестіру – тура параллелизм немесе қарама-қарсы қою – теріс параллелизм арқылы халық ақындары сезімнің ең нәзік иірімдерін сөзбен жеткізудің биік үлгісін көрсеткен. Бұл тәсіл көшпелі мәдениеттегі «адам және табиғат» тұтастығын, яғни адамның өзін табиғаттың ажырамас бөлшегі ретінде сезінуін дәлелдейді. Ән мәтіндеріндегі метафоралар, теңеулер мен эпитеттер халықтың қоршаған ортаны жіті бақылап қана қоймай, оны адамның тағдырымен байланыстыра алатын терең танымдық қабілетін айғақтайды.

Жұмыстың негізгі түйіні – қарастырылған ән өлеңдеріндегі табиғат суреттері этностың ғасырлар бойы қалыптасқан экологиялық мәдениеті мен дүниетанымдық көзқарасының айнасына жатады. XX ғасырда хатқа түскен бұл мұралар – сөз өнері мен музыкалық мәдениеттің синкреттілігін сақтаған, ұлттық кодты тасымалдаушы құнды жәдігерлер. Сондықтан халық әндеріндегі табиғат образдарын зерттеу – ұлттың эстетикалық талғамын, психологиясын және рухани болмысын тереңірек

тануға мүмкіндік береді. Осы рухани қазынаны бүгінгі ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделеу ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды шарты болып қала бермек. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет қазақ халық әндеріндегі табиғат образдары зооморфтық, фитонимдік, космогониялық және топонимдік жүйеге жіктеліп, олардың әрқайсысының психологиялық параллелизмді жасаудағы нақты қызметі айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде халық әндеріндегі табиғат образдары статистикалық деректер негізінде зооморфтық, фитонимдік, космогониялық және топонимдік жүйеге жіктеліп, олардың әрқайсысының психологиялық параллелизмді жасаудағы нақты қызметі айқындалды, әрі қазақ материалы әлемдік және отандық зерттеулермен салыстырыла пайымдалды. Осы арқылы негізгі тұжырым – ән мәтініндегі табиғат пен адам сезімінің егіз суреттелуі кездейсоқ тәсіл емес, халықтың табиғатпен тұтастығын көрсететін бірегей этнопоэтикалық жүйе екені дәлелденді.

Әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2013. Т. 99: Ән-өлеңдер. – 440 бет.
2. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2013. Т. 100: Ән-өлеңдер. – 440 бет.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Бьюэлл Л. Экологиялық киял: Торо, табиғат туралы жазбалар және американдық мәдениеттің қалыптасуы / Л. Бьюэлл. – Кембридж: Гарвард университетінің баспасы, 1995. – 514 б.
5. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград: Гослитиздат, 1940. – 648 с.
6. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа: Музыкально-историческое исследование. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 402 с.
7. Жарылғапов Ж.Ж., Бахбергенова Г.А. Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар генезисі // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. – 2025. – № 1(117). – 124-135 бб. <https://doi.org/10.31489/2025ph1/124-135>
8. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Өңд., толық, 2-бас. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
9. Зорко М.Ю. Типология и семантика образов животного мира (на материале народных песен Рязанского края) // Общество: философия, история, культура. – 2025. – № 3. – С. 221–227. (<https://doi.org/10.24158/fik.2025.3.31>)
10. Күзембай С. Феномен коня в культурной жизни номадов // Доминанты культурной жизни номадов. – Алматы, 2010. – 150 б.
11. Күркебаев К.Қ., Ордабекова Х.А. Дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (187). 2022. – 32-42 бб. (<https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.04>)
12. Қоңыратбай Т.Ә. Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеудің синергетикалық мәселелері // «Керуен» ғылыми журналы. – 2022. – № 1 (74). – 18-33 бб. (<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-01>)
13. Қоспақов З. Ғасырлардан жеткен үн. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 440 б.
14. Мишачева И.В. Образы природы в художественной культуре antiquity и раннего средневековья: дис. ... канд. культурологии: 24.00.01. – Саранск, 2004. – 219 с.
15. Нефедова С.Н. Образ природы как компонент поэтической модели мира (на материале произведений В.М. Шукшина): дис. ... канд. филол. наук. – Северодвинск, 2001. – 172 с.
16. Райхл К. Түркінің ауызша эпикалық поэзиясы: Дәстүрлер, формалар, поэтикалық құрылым / К. Райхл. – Нью-Йорк: Гарланд Пабблишинг, 1992. – 391 б.
17. Рой У. Дж. Қызылдар, ақтар және блюз: Америка Құрама Штаттарындағы әлеуметтік қозғалыстар, халық музыкасы және нәсіл [Электрондық ресурс] / У. Дж. Рой. – Принстон университетінің баспасы, 2010. – URL: <https://doi.org/10.1515/9781400835164> (қаралған күні: 11.09.2025).
18. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.

19. Фоли Дж. М. Имманентті өнер: Дәстүрлі ауызша эпостағы құрылымнан мағынаға дейін / Дж. М. Фоли. – Блумингтон: Индиана университетінің баспасы, 1991. – 278 б.
20. Шабдарова Л.Е. Символика образов растительного мира в марийских народных песнях: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.09. – Йошкар-Ола, 2001. – 155 с.

References:

1. Baitursynov A. (2003). Literature manual. Almaty: Atamura. (kaz)
2. Buell L. (1995). The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. Harvard University Press. (eng)
3. Erzakovich B. G. (1966). Song culture of the Kazakh people: A musical and historical study. Alma-Aata: Nauka. (rus)
4. Foley J. M. (1991). Immanent Art: From Structure to Meaning in Traditional Oral Epic. Indiana University Press. (eng)
5. Konyratbay T. A. (2022). Synergetic problems of studying the musical heritage of the Kazakh people. Keruen Scientific Journal, 1(74), 18–33. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-01> (kaz)
6. Kospakov Z. (2017). The voice from centuries. Almaty: Qazaq Enciklopediasy. (kaz)
7. Kurkebayev K. Q. & Ordabekova H. A. (2022). Linguocultural image of traditional Kazakh song texts. Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series, 3(187), 32–42. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.04> (kaz)
8. Kuzembayev S. (2010). The phenomenon of the horse in the cultural life of nomads. In Dominants of the cultural life of nomads. Almaty. (rus)
9. Mishacheva I. V. (2004). Images of nature in the artistic culture of antiquity and the early middle ages (Doctoral dissertation). Saransk. (rus)
10. Nefedova S. N. (2001). The image of nature as a component of the poetic model of the world (based on the works of V.M. Shukshin) (Doctoral dissertation). Severodvinsk. (rus)
11. Reichl K. (1992). Turkic Oral Epic Poetry: Traditions, Forms, Poetic Structure. Garland Publishing. (eng)
12. Roy W. G. (2010). Reds, Whites, and Blues: Social Movements, Folk Music, and Race in the United States. Princeton University Press. <https://doi.org/10.1515/9781400835164> (eng)
13. Shabdarova L. E. (2001). Symbolism of images of the flora in Mari folk songs (Doctoral dissertation). Yoshkar-Ola. (rus)
14. Uakhatov B. (1974). Kazakh folk songs. Almaty: Gylym. (kaz)
15. Veselovsky A. N. (1940). Historical poetics. Leningrad: Goslitizdat. (rus)
16. Words of ancestors: One hundred volumes. (2013). Vol. 99: Songs-poems. Astana: Foliant. (kaz)
17. Words of ancestors: One hundred volumes. (2013). Vol. 100: Songs-poems. Astana: Foliant. (kaz)
18. Zharylgapov Zh. Zh. & Bakhbergenova G. A. (2025). Genesis of ornithological images in Kazakh poetry. Bulletin of the Karaganda University. Philology Series, 1(117), 124–135. <https://doi.org/10.31489/2025ph1/124-135> (kaz)
19. Zhubanov A. (2001). Nightingales of the era (2nd ed.). Almaty: Daik-Press. (kaz)
20. Zorko M. Yu. (2025). Typology and semantics of images of the animal world (based on the material of folk songs of the Ryazan region). Society: philosophy, history, culture, 3, 221–227. <https://doi.org/10.24158/fik.2025.3.31> (rus)